

Мұхамадиева Алмагүл Майданқызы

Амирханова Алмагүл Қызырбекқызы

«№19 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімдері

Семей қаласы

Қазақ тілі пәнінен оқушыларға ғылыми жоба жұмысын жазуға үйретудің әдістері

Өз өмірін ғылымға арнағысы келген оқушы мектеп қабырғасынан бастап ғалым болу үшін қандай қасиеттер керек екенін білуі тиіс. Жас адам ғалымның дайын жұмысын, қол жеткізген жетістігін ғана көреді. Оның жұмсаған күш-қайратын, уақыты мен денсаулығын есепке алмайды. Табысқа жету жолында қаншама сәтсіздіктер мен қателіктер болатынын да біле бермейді. И.Фихте: «Ғалым өзінің істеген ісін, сол істі бітірісімен-ақ ұмытсын да, істелмек ісі жөнінде ойлануға дереу көшсін» - деген екен. Әрқилы білім саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысы техникасының өз ерекшеліктері бар. Сондай-ақ бірқатар мамандыққа ортақ заңдылықтар да болады. Ғылымға ықылас танытқан жас зерттеуші мен жетекші арасындағы ғылыми байланыс нәтижесі – жас ғалымдарды ғылыми- зерттеу жұмысымен өз бетінше айналысуға дайындау болып табылады. Және өз ұстаздарының идеясын дамытатын, ол идеяларын практикаға енгізетін және осы жаңалықтарымен, бірегей еңбектерімен ғылымды одан әрі жалғастыра беретін ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Әр оқушы ғылыми жұмыспен шұғылдану барысында зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы мен жоспарлануы бағытындағы барлық игерілетін теориялық және әдістемелік білімдер жүйесін толық меңгеруге тиісті. Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастырудың орны өте зор. Себебі көп жағдайда жоспарланған жұмыстар атқарылу барысында тек қағаз бетінде ғана қалып қойып, оқу процесінде ағымдық жұмыстар аясында кете беретін жағдайлар өте жиі кездесіп отырады. Ол үшін ғылыми зерттеу жұмысында жоспарланған негізгі жұмыстардан ауытқымай бірізділіктегі жүйеде орындалуы қадағалану керек.

Ол тек осы пәнді жүргізетін ұстаз ғана емес, мектеп ұстаздарының барша құрамының атқаратын жұмысы болуы қажет. Ғылыми жоба жазу мектеп қабырғасынан басталғандықтан, оқушыны әр пәннен дұрыс тақырып таңдай алуына, және зерттеу жұмысының нәтижелі болғандығына ең бірінші ұстаз жауапты. Жастарды ғылымға қызықтыру, ғылыми жұмысты сауатты жазуға үйрету бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі. Ғылыми қызметтің маңызды да жауапты кезеңі – зерттеу тақырыбын таңдау. Бұл өте-мөте қиын міндет, оны дұрыс шешу жұмыстың сапалы болуына және уақытында бітуіне әкеледі.

Болашақ жас ғалым зерттеу тақырыбын өзі таңдағаны жөн. Әрі, ол тақырып ғылымның, ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогрестің талаптарына жауап беруге тиіс, мектептің ғылыми-зерттеу жоспарымен сәйкес болуы керек. Зерттеу тақырыбын таңдауда кездейсоқтық деген мүлдем болмау керек. Тақырып таңдаудың маңызды шарттарының бірі – болашақ жас ғалымның білімі мен тәжірибесінің зерттеу бағыты мен табиғатына сәйкес болуы. Әйтпеген жағдайда болашақ ғалым өзі үшін жаңа болып табылатын білім саласын меңгеруге көп уақыт жұмсайды, сол себепті ғылыми жоба бойынша тікелей жұмыс істеу уақыты қысқарады. Тақырып таңдауда ұстаз оқушының өз күші мен қабілетін есепке алуы тиіс. Өйткені олардың арасында әр түрлі бейімділікпен ерекшеленетіндері де кездеседі. Олардың кебірі теоретикалық сипаттағы тақырыптарды қаласа, енді бірі практиканың басым болуын қалайды. Бірақ оқушы үшін теоретикалық тақырыпты игеру күрделі іс екендігін білуге тиіс. Бұл жұмыс болашақ жас ғалымда терең білім мен ғылыми ой түйу қабілеті және сондай-ақ зерттеу жұмысы бойынша нақты тәжірибе болуын қажет етеді. Қазақ тілі пәні бойынша зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады.

Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі. Оқушыны ғылыми - зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Яғни оқушы ақпаратты ала

білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге үйрету қажет. Расында да, тұлғаға дұрыс бағыт беру, даму, қалыптасу аймағына енгізу, өз белсенділіктерін туғызу, өзін - өзі тәрбиелеу іс - әрекеттерін ықпал ету - ұстаздар алдындағы жауапты міндет. Осы үрдістегі мұғалімнің ролін төмендегіше саралауға болады:

- диагностикалық жұмыстар арқылы психологпен бірлесе отырып, ғылымға икемді, дарынды балаларды анықтау;
- тәрбие жұмыстары арқылы оқушылардың ғылымға деген жағымды көзқарасын қалыптастыруға түрткі жасау;
- танымдық белсенділіктерін дамыту үрдісінен іздену. Оқушылардың танымдық белсенділіктерін қалыптастыру – оларды ғылыми - ізденіс аймағына енгізудің басты жолы. Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек. Оқушылардың бойында дарындылық қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда кластан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Мектептегі пәндік сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі пәні бойынша өтілетін білімді ғылыми жоба жазу негізінде ұйымдастыру – оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына, жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғыза алуымен маңызды екенін ерекше атап өтпекпіз.